

Хаттама
Қоғамдық кеңестің отырыстары
№1

Көкшетау қ.

2025 жылы 01.04.
10.00 сағ.

Төрағалық етуші: Сәлеметсіздерме, құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері!

Бүгін біз Көкшетау қаласының қоғамдық кеңесінің бірінші отырысын өткізу үшін жиналдык. Қоғамдық кеңестің жаңа құрамы 2025 жылы 17 наурызда бекітілді. Көкшетау қаласының қоғамдық кеңесіне сайланған 17 мүшенің ішінен 16 қатысып отыр. Көкшетау қаласының қоғамдық кеңесінің отырысы ашық деп жариялаймын.

Келесі күн тәртібі ұсынылады:

1. Қоғамдық кеңестің төрағасын сайлау туралы.
2. Комиссия құрамы мен төрағаларын сайлау туралы.
3. Төралқаның сандық құрамын сайлау.
4. Қоғамдық кеңес туралы ережені бекіту.

Төрағалық етуші: Қоғамдық кеңестің төрағасын сайлау үшін жұмыс тобының жетекшісі Әлиев Шияп Шарапұлына сөз беріледі.

Әлиев Ш.Ш.: Сәлеметсіздерме, құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері! Мен, Әлиев Шияп Шарапұлы, Көкшетау қалалық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы болып табыламын, сондай-ақ жұмыс тобының жетекшісімін. Біз бұған дейін бірнеше отырыс өткізіп, Қоғамдық кеңестің жаңа құрамын сайладық! Жаңа құрамға енген Қоғамдық кеңестің барлық мүшелерін құттықтаймын. Сіздерге сәттілік тілеймін!

Күн тәртібіндегі бірінші сұраққа көшейік. Біз Қоғамдық кеңестің төрағасын сайлауымыз керек. Мен Джакупов Сайран Негметжанұлының кандидатурасын ұсынамын. Себебі ол кісінің қаламыздың дамуына қосқан үлесі өте мол, көптеген жылдар бойы құрылыс саласында қызмет етіп келеді.

Сіздерде қандай ұсыныстар бар?

Шаримова А.У.: Предлагаю кандидатуру Бегалина Боранбая Карпкалиевича, так как он имеет большой опыт работы, являлся председателем маслихата, депутатом 3 созывов.

Раисов А.М.: Шияп Шарапұлы, ұсынысыңызды қолдаймын. Біздің қаламызға Сайран Негметжанұлының қосқан үлесі өте көп. Осы төрағалыққа сізді лайықты деп санаймын.

Сейтқасымов А.А.: Төрағалыққа ұсынылып отырған кандидатуралардың бәрі лайықты. Бірақ Бегалин Боранбай Карпқалиұлының төрағалық жағынан тәжірибесі басымырақ. Сондықтан осы кісінің кандидатурасын қолдаймын.

Әлиев Ш.Ш.: Егер басқа ұсыныстар болмаса, осы екі кандидатқа дауыс беруді бастайық.

1. Джакупов Сайран Негметжанұлына дауыс берулеріңізді сұраймын

«КЕЛІСЕМІН»: 7

«ҚАРСЫМЫН»: жоқ

«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»: 9

Қабылданды.

2. Бегалин Боранбай Карпқалиұлына дауыс берулеріңізді сұраймын

«КЕЛІСЕМІН»: 6

«ҚАРСЫМЫН»: жоқ

«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»: 10

Қабылданды.

Сайланған Қоғамдық кеңес төрағасын құттықтаймын.

Джакупов С.Н.: Қоғамдық кеңестің жаңа құрылған құрамын құттықтаймын. Сенім үшін рахмет, сіздердің қолдауларыңызбен біз қаланы одан да жақсартамыз.

Төрағалық ступі: Әлеуметтік маңызы бар бағыттарды қамтитын Қазақстан Республикасының "Қоғамдық кеңестер қызметінің тиімділігін арттыру" әдістемелік ұсынымдарына сәйкес комиссиялар құру қажет.

4 комиссия құруды ұсынамын

1. Әлеуметтік-мәдени және Өңірлік даму мәселелері жөніндегі комиссия;
2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру мәселелері жөніндегі комиссия;
3. Экономика және қаржы мәселелері жөніндегі комиссия;
4. Жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі комиссия;

Осыған сәйкес комиссиялардың төрағаларын сайлауымыз керек.

Әлеуметтік-мәдени және Өңірлік даму мәселелері жөніндегі комиссияның төрағасы ретінде Сейтқасымов Аманбай Асылбайұлының кандидатурасын ұсынамын

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

«КЕЛІСЕМІН»: 15

«ҚАРСЫМЫН»: жоқ

«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»: жоқ

Қабылданды.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру мәселелері жөніндегі комиссияның төрағасы ретінде Әміржанов Азамат Жұмабайұлының кандидатурасын ұсынамын

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

«КЕЛІСЕМІН»: 15

«ҚАРСЫМЫН»: жоқ

«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»: жоқ

Қабылданды.

Экономика және қаржы мәселелері жөніндегі комиссияның төрағасы ретінде Қойшыбаев Серік Окешұлының кандидатурасын ұсынамын

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

«КЕЛІСЕМІН»: 15

«ҚАРСЫМЫН»: жоқ

«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»: жоқ

Қабылданды.

Жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі комиссияның төрағасы ретінде Жұманова Динара Серікқызының кандидатурасын ұсынамын

Дауыс берулеріңізді сұраймын:

«КЕЛІСЕМІН»: 15

«ҚАРСЫМЫН»: жоқ

«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»: жоқ

Қабылданды.

Төрағалық етуші: Қоғамдық кеңестің қызметіне басшылықты жүзеге асыру үшін Қоғамдық кеңестің төралқасы сайланады. Қоғамдық кеңес төралқасының құрамына Қоғамдық кеңестің төрағасы, мемлекеттік органның уәкілетті өкілі, комиссия төрағалары, Қоғамдық кеңестің

жекелеген мүшелері кіреді. Төралқа құрамына келесі кандидатуралар ұсынылады

1. Қоғамдық кеңес төрағасы – Джакупов Сайран Негметжанұлы

2. Мемлекеттік орган уәкілі мен - Әкімов Дастан Алтайұлы

Және комиссия төрағалары:

3. Сейтқасымов Аманбай Асылбайұлы

4. Әміржанов Азамат Жұмабайұлы

5. Қойшыбаев Серік Өкешұлы

6. Жұмапова Динара Серікқызы

Осы құрамға дауыс берулеріңізді сұраймын

«КЕЛІСЕМІН»: 16

«ҚАРСЫМЫН»: жоқ

«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»: жоқ

Қабылданды.

Төрағалық етуші: Күн тәртібіндегі келесі мәселе Көкшетау қаласы Қоғамдық кеңесінің ережесін бекіту. Өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, ереже жобасы Сіздерге танысу үшін жіберілген болатын. Егер ескертулер болмаса, дауыс берулеріңізді сұраймын.

«КЕЛІСЕМІН»: 16

«ҚАРСЫМЫН»: жоқ

«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНДАР»: жоқ

Қабылданды.

Ұйымдастырушылық сипаттағы мәселелерді Көкшетау қаласының мәслихаты шешетінін атап өткім келеді. Қоғамдық кеңестің хатшысы-Жолдасбаева Ақбота Төлегенқызы бекітіледі.

Қоғамдық кеңестің хатшысының міндетіне:

1) Қоғамдық кеңестің отырыстарын дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді.

2) Қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ Қоғамдық кеңес шешімдерінің орындалу мерзімдерін бақылайды.

Раисов А.М.: Жоғарыда аталған 4 комиссияның құрамын анықтап алсақ. Қарсы болмасаңыздар?

Сейтқасымов А.А.: Әлеуметтік-мәдени және Өңірлік даму мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына

Сәрсембеков М.М.,

Сәбит Қ.Ж.,

Әлімбетова А.А.,

Жетпісқалиев С.С. кандидатураларын ұсынамын.

Әміржанов А.Ж.: Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абағтандыру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына

Әкімов Д.А.,

Жұманова Д.С.,

Рахимов Б.Ш.,

Шәрімова А.Ө. кандидатураларын ұсынамын.

Қойшыбаев С.Ө.: Экономика және қаржы мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына

Әкімов Д.А.,

Сағандықова Қ.Б.,

Раисов А.М.,

Кимов Е.Е. кандидатураларын ұсынамын.

Жұманова Д.С.: Жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі комиссияның құрамына

Бегалин Б.К.,

Қойшыбаев С.Ө.,

Әміржанов А.Ж.,

Әбділманова Д.К. кандидатураларын ұсынамын.

Қоғамдық кеңестің бірінші отырысы өз жұмысын аяқтайды. Келесі отырысты Қоғамдық кеңестің төрағасы жүргізеді. Комиссия құрамын бекітеді. Баршаңызға қатысқандарыңыз үшін рахмет!

Мәслихат төрағасы



Д.Әкімов

Хаттама жүргізді



А.Жолдасбаева